**«Бекітемін»**
**Шымкент қаласы бойынша тексеру комиссиясының төрағасы**
**_______________ Н.А.Налибаев**

**2025 жылғы «20» ақпан**

## Шымкент қаласы бойынша тексеру комиссиясы аппаратының Әдеп жөніндегі уәкілінің 2025 жылға арналған жұмыс жоспары

| № р/с | Іс-шараның атауы | Орындау мерзімі | Аяқтау нысаны |
|---|---|---|---|
| **1** | **2** | **3** | **4** |
| | **1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасының және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің (бұдан әрі – Әдеп кодексі) талаптарын сақтау мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсету іс-шаралары** | | |
| 1.1. | Мемлекеттік қызметшілерге мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманың және Әдеп кодексінің талаптарын сақтау мәселелері бойынша *(мемлекеттік қызметшілердің құқықтық жағдайы; қызметтік тәртіп; мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебі; мемлекеттік қызметшілердің, олардың отбасы мүшелерінің әлеуметтік кепілдіктері; мемлекеттік қызметті тоқтату; қаржылық бақылау шаралары; сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер; мүдделер қақтығысы; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін қылмыстық және әкімшілік жауаптылық.)* консультациялық көмек көрсету | Үнемі | Кездесу, дөңгелек үстел, семинар *(іс-шара нысаны қажеттілікке қарай анықталады)* |
| 1.2. | Мемлекеттік қызметшілерге жеке тұлғалардың декларациясын *(кірістері мен мүлкі туралы декларация)* тапсыру мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсету | 2025 ж. тамыз айына дейін | Мемлекеттік кірістер органдары қызметкерлерімен zoom-конференция немесе кездесу |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1.3. | Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлықақы беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу, сондай-ақ мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге бонустар төлеу туралы консультациялық көмек көрсету | Мемлекеттік қызметшінің өтінімі бойынша | Консультация жүргізу, Агенттік және мемлекеттік еңбек инспекциясы органдары қызметкерлерімен zoom-конференция немесе кездесу |
| 1.4. | Мемлекеттік органда жойылу (тарату), қайта ұйымдастыру, басқару құрылымын өзгерту және штат санын қысқарту түріндегі өзгерістер кезінде мемлекеттік қызметшілерді әлеуметтік қорғау шаралары бойынша консультациялық көмек көрсету | Мемлекеттік органда жойылу (тарату), қайта ұйымдастыру, басқару құрылымын өзгерту және штат санын қысқарту түріндегі өзгерістер кезінде | |
| **2. Заңдарда белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтауға ықпал ету іс-шаралары** | | | |
| 2.1. | Мемлекеттік әкімшілік қызметке алғаш рет кірген және оны тоқтатқаннан кейін қайтадан кірген азаматтарға:<br>- сыбайлас жемқорлыққа қарсы және мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулерді сақтау:<br>*1) педагогтік, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметті қоспағанда, басқа да ақы төленетін қызметпен айналысу;*<br>*2) кәсіпкерлік қызметпен айналысу;*<br>*3) өзі қызмет істейтін не өзіне тікелей бағынысты немесе өзінің тікелей бақылауындағы мемлекеттік органда үшінші тұлғалардың істері бойынша өкіл болу;*<br>*4) өзінің қызметтік жұмысын материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз етуге арналған құралдарды, басқа да мемлекеттік мүлік пен қызметтік ақпаратты қызметтік емес мақсаттарда пайдалану;*<br>*5) ереуілді қоса алғанда, мемлекеттік органдардың қалыпты жұмыс істеуіне және лауазымдық міндеттерді орындауға кедергі келтіретін әрекеттерге қатысу;*<br>*6) лауазымдық өкілеттіктерін атқаруына байланысты азаматтар мен заңды тұлғалардың көрсетілетін қызметтерін жеке мақсаттарында пайдалану*;<br>- мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебінің стандарттарын сақтау;<br>- мүлікті сенімгерлік басқаруға беру мәселелері бойынша оқыту жұмыстарын ұйымдастыру. | Лауазымға тағайындалған уақыттан бастап бір айдың ішінде | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және қызметтік әдеп мәселелері бойынша оқыту жүргізу |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2.2. | Мемлекеттік органда мемлекеттік қызметшінің өзінің жақын туыстарына қатысты жеке істерін *(ата-аналары (ата-анасы), балалары, асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері), жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары (жұбайының (зайыбының) ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), ата-аналары және балалары)* атқаратын лауазымға тікелей бағынысты болатын лауазымды атқаруы, сондай-ақ жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары тікелей бағынысында болуы туралы талаптың сақталуы жағдайына мониторинг жүргізу | Жарты жылда бір рет | Мемлекеттік орган басшысына және Агентікке ақпарат |
| 2.3. | Мемлекеттік әкімшілік қызметке алғаш рет кірген және оны тоқтатқаннан кейін қайтадан кірген азаматтарға қатысты кәсіпкерлік қызметпен айналысу жөніндегі шектеудің сақталуы және мүлікті сенімгерлік басқаруға беру мәселелерін зерделеу | Лауазымға тағайындалған уақыттан бастап үш айдың ішінде | Мемлекеттік орган басшысына және Агентікке ақпарат |
| 2.4. | Мемлекеттік органда мемлекеттік қызметшілерді Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және Агенттікпен әзірленген материалдармен таныстыру, оның ішінде іскерлік әдеп пен ресми мінез-құлық қағидаларын сақтау, ойын мекемесіне барудан тартыну және әріптестерге өзінің діни нанымдарын таңбауға, қол астындағы қызметшілерді діни бірлестіктердің қызметіне қатысуға мәжбүрлемеу мәселелерін түсіндіру бойынша іс-шара ұйымдастыру | Жылына бір рет | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, уәкілетті органдар және Агенттік қызметкерлерімен кездесу; жиналыс; бейнеролик көру; дәріс оқу *(іс-шара нысаны қажеттілікке қарай анықталады)* |
| 2.5. | Мереке күндері алдында жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстану және қызметтік әдеп нормаларын бұзуға жол бермеу туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу | Мереке күндерінің алдында | Хаттарды жолдау немесе басқа да амалдармен тиісті ақпаратты жеткізу |
| 2.6. | «Ойын бизнесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген анықтамаға жататын ойын мекемелерінде құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысу, сол сияқты құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге сол үшін бөлінбеген орындарда қатысу немесе телекоммуникация желілерін, оның ішінде Интернет желісін пайдалану арқылы өткізілетін құмар ойындарға және | Жылына бір рет | Мемлекеттік орган басшысына және Агенттікке ақпарат |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | (немесе) бәс тігуге қатысу бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеуді бұзушылыққа жол бермеуге бағытталған профилактикалық жұмыстарды жүргізу | | |
| 2.7. | Мемлекеттік қызметшілердің деструктивті діни ағымдардың қызметіне араласуын болдырмауға бағытталған профилактикалық жұмыстар жүргізу | Жылына бір рет | Экстремизмге қарсы күрес мәселелері бойынша дінтану саласындағы мамандарды және тиісті қызметкерлерді тарта отырып семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру |
| 2.8. | Мемлекеттік қызметшілердің қоғамдық орындарда алкогольдік және есірткілік, және (немесе) уытқұмарлық масаң күйде болуының алдын алу және оған жол бермеу бойынша профилактикалық жұмыс жүргізу, есірткі құралдардың, психотроптық заттарды, олардың аналогтарын, прекурсорларды медициналық емес мақсатта тұтыну, көлік құралын алкогольдік және (немесе) есірткілік, және (немесе) уытқұмарлық масаң күйде басқарудың алдын алу мақсатында профилактикалық жұмыстар жүргізу | Жылына бір рет | Құқық қорғау органдарының қызметкерлерін тарта отырып семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру |
| 2.9. | Мемлекеттік органдарда әйелдерге қатысты кемсітушіліктен және жыныстық қудалауды болдырмау мақсатында профилактикалық жұмыстар жүргізу | Жылына бір рет | Үкіметтік емес ұйымдардың сарапшыларын тарта отырып семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру |
| | **3. Қызметтік әдеп нормаларының сақталуын** *(бұзушылықтарға шаралар қабылдамау жағдайларын)* **талдау, мониторингтеу және бақылау іс-шаралары** | | |
| 3.1. | Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге қатысты олардың әкімшілік жауаптылыққа *(«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің қоғамдық тәртіп пен имандылыққа қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтарға қатысты келесі баптары бойынша 434, 439, 440, 441, 443, 444, 446, 449, 450, 482, 490, 608, 613)* | 2025 жылдың 3 тоқсаны | Мемлекеттік орган басшысына ұсыныс және |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | тартылуы жағдайына мониторинг жүргізіп, оның нәтижелері бойынша қызметтік әдеп нормаларын бұзу фактілері анықталған жағдайда, тиісті қызметшілердің тәртіптік жауаптылығын қарау немесе профилактикалық жұмыс жүргізу бойынша шара қолдану | | Агенттікке ақпарат |
| 3.2. | Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын бұзғаны не мемлекеттік қызметке кір келтіретін теріс қылық жасағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылуы фактілеріне мониторинг жүргізіп, құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларға мониторинг жүргізу | 2025 жылдың 4 тоқсаны | Мемлекеттік орган басшысына құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою туралы ұсыныс және Агенттікке ақпарат |
| **4. Азаматтық қоғам институттарымен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау іс-шаралары** | | | |
| 4.1. | Азаматтық қоғам және бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері үшін «Ашық есік күні» науқанын өткізуді ұйымдастыру | Қажет болған жағдайда | Агентікке ақпарат |
| **5. Мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қалпына келтіруге бағытталған іс-шаралар** | | | |
| 5.1. | Мемлекеттік органда мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік кепілдіктерінің сақталуы бойынша сауалнама және мониторинг жүргізу *(мәселен, еңбекақы, бонустар, материалдық көмек, жыл сайынғы еңбек демалысы, іссапар шығындары, мемлекеттік органда жойылу (тарату), қайта ұйымдастыру, басқару құрылымын өзгерту және штат санын қысқарту түріндегі өзгерістер, қызметші қайтыс болған жағдайдағы біржолғы жәрдемақы, ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін және тұратын мемлекеттік қызметшілерге заңнамада көзделген қосымша әлеуметтік қолдау шаралары және т.б.)* және оның нәтижелері бойынша ден қою жұмыстарын ұйымдастыру | Жыл ішінде 2 рет, маусым және желтоқсан айларында | Мемлекеттік орган басшысына ұсыныс және Агентікке ақпарат |
| 5.2. | Қызметтік әдепті бұзғаны үшін мемлекеттік қызметшілерді тәртіптік жауаптылыққа тартудың мәніне жасалған талдау қорытындысы бойынша мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылу жағдайлары бойынша басшылыққа тиісті ұсыныстар енгізу | 2025 ж. қазан айында | Мемлекеттік орган басшысына ұсыныс және Агентікке ақпарат |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **6. Ұжымда жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларына сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдесу іс-шаралары** | | | |
| 6.1. | Ұжымда жағымды атмосфера құру үшін әдептілік құндылықтарын дәріптеу бойынша іс-шараларды ұйымдастыру | Жыл бойы | Агентікке ақпарат |
| 6.2. | Ұжымдағы қарым-қатынас мәдениетінің деңгейін бағалау және оны жақсартуды анықтау үшін сауалнама жүргізуді ұйымдастыру | Тоқсан сайын | Мемлекеттік орган басшысына ұсыныс және Агентікке ақпарат |
| 6.3. | Мемлекеттік органның оң имиджін және ұжымда жағымды ахуал қалыптастыруға елеулі үлес қосқан адамдарды көтермелеу жөнінде құрылымдық бөлімше басшыларына ұсынымдар енгізу | Мереке күндеріне орай | Заңнамамен көзделген көтермелеулер |
| 6.4. | Жеке және заңды тұлғалардан, сонымен қатар мемлекеттік қызметшілерден келіп түскен арыз-шағымдардың себептеріне талдау жасау және оның қорытындысы бойынша басшылыққа ұсыныс енгізу | Жарты жылда бір рет | Мемлекеттік орган басшысына ұсыныс және Агенттікке ақпарат |

**Шымкент қаласы бойынша тексеру комиссиясы аппаратының**
**Әдеп жөніндегі уәкілі** **С.А.Кудиярова**